«8D03203 – Халықаралық журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Нуршаихова Алия Арнурованың «Деректі кино журналистік зерттеудің түрі ретінде: отандық және шетелдік тәжірибені салыстырмалы талдау» атты диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Ғылыми зерттеу құжатындық киноны тергеушілік журналистиканың бір түрі ретінде қарастыруға және қазақстандық әрі шетелдік тәжірибелердің салыстырмалы талдауына арналған. Тақырыпты таңдаудың өзектілігі цифрлық ортадағы өзгерістерге, қоғамның онлайн-платформаларға қызығушылығының артуына, сондай-ақ ақпарат таратудың жаңа тәсілдерінің, оның ішінде деректі фильмдер арқылы кеңеюіне байланысты айқындалады.

Қазіргі кезеңде деректі тергеулер әділсіздікке, жемқорлыққа және қылмыстық әрекеттерге қарсы тұруда шындықты негізгі тетік ретінде қолданатын қуатты құралға айналды. Мұндай фильмдер қоғамдық пікірді оятып, маңызды мәселелерге аудитория назарын аудара отырып, әлеуметтік өзгерістерге түрткі бола алады. Жиі жағдайда журналист-документалистер өз жұмыстарын ұсына отырып, көрермендерді әрекетке шабыттандырып, қоғамдағы оң трансформацияларға ықпал етеді. Бұл жанрдағы тергеулер саяси, экономикалық, әлеуметтік және өзге де маңызы зор тақырыптарды талқылауға жол ашады, қоғамдық дискурстың дамуына ықпал етеді.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі. Зерттеудің өзектілігі қазіргі медиақоршаған ортаның трансформациясымен тікелей байланысты. Бұл үдерісте журналистика мен аудиовизуалды баяндаудың конвергенциясы күшейіп, дәстүрлі медианың беделінің төмендеуі мен тексерілген, шынайы ақпаратқа деген қоғамдық сұраныстың артуы байқалады. Осындай жағдайда деректі кино тек мәдени феномен ретінде ғана емес, журналистік тергеу міндеттерін орындай алатын қоғамдық-саяси институт ретінде де маңызға ие бола бастайды.

Ақпараттық кеңістіктің цифрлануы, YouTube, стримингтік сервистер мен әлеуметтік желілер сияқты контент тарату платформаларының негізгі коммуникациялық арналарға айналуы бұл тақырыптың өзектілігін одан әрі арттыра түседі. Мұндай өзгерістер журналистік тергеулерді қабылдау сипатын түрлендіріп, авторлықтың шекарасын кеңейтеді, көрерменнің қатысу деңгейін арттырады және әлеуметтік шындықты тиімді түсіндіре алатын жаңа визуалды нарратив түрлерінің қалыптасуына әкеледі.

Сонымен қатар, деректі тергеу бір мезгілде бірнеше пәндік салалардың – журналистиканың, кинодеректанудың, медиакоммуникацияның және құқық қорғау практикасының – тоғысында орналасады. Тәуелсіз медиаға қысымның күшеюі, цензуралық шектеулердің артуы және журналистиканың кәсіби қызметіне

байланысты тәуекелдердің көбеюі жағдайында деректі кино формасына жүгіну шығармашылық қадам ғана емес, уақыт талабына жауап беретін стратегиялық шешімге айналады.

Демек, деректі киноны тергеушілік журналистиканың бір формасы ретінде жүйелі түрде зерттеу медиапрактикалардағы өзгерістерді түсінуге, визуалды тергеудің қоғамдық пікірге, институционалдық процестерге және құқық қорғау күн тәртібіне ықпал ету тетіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеуге ғылыми маңыз берумен қатар, оның практикалық тұрғыдан қолданылуын да қамтамасыз етеді.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі:

Тергеушілік журналистика тақырыбын дамытуға елеулі үлес қосқан зерттеушілер қатарына Гуляев А., Самусевич А. Г., Вайсборд С., Де Бур Х., Коронер С., Антонов П., Мосс П., Хантер М., Золотухин А., Ким М., Лазутина Г., Асфура А., Тертычный А., Ковач Т. және басқа авторлар жатады. Бұл ғалымдардың еңбектері журналистиканың теориялық негіздеріне, кәсіби этиканың мәселелеріне, тергеушілік журналистиканың жанрлық ерекшеліктеріне және оған тән әдіснамалық ұстанымдарға бағытталған. Журналистиканың қағидалары мен әдістерін Харкап Т., Мауби Р., Окремова Д. және басқа зерттеушілер жан-жақты қарастырады.

Деректі кино контекстінде Сүлейменова А.Э., Ауфдерхейд П., Эллис Дж., МакЛейн Б., Бернс К., Копцева Н., Николз Б., Куллоти Е., Федулина А., Әбикеева Г., Увальжанова А., Апарисио Д. еңбектерінің маңызы зор. Олар деректі киноның қоғамдық маңызы бар процестердегі рөлін, тарихи оқиғаларды сақтау, әлеуметтік шынайылықты бейнелеу және мәселелерді өзектендіру қабілетін атап өтеді.

Деректі киноның тергеушілік журналистиканың бір формасы ретіндегі ерекшеліктері Ложникова О. П., Пильджер Дж., Лопес-Гарсия Кс., Перес-Сейхо С., Васкес-Херреро Х. және Гарсия-Ортега А. еңбектерінде талданады. Бұл авторлар журналистік баяндаудың жаңа әрі инновациялық форматтары туралы айта отырып, ақпаратты жеткізудің мультимедиялық мүмкіндіктерін және күрделі контентке аудиторияны тартуға ықпал ететін технологиялық шешімдерді сипаттайды.

Интерактивті әдістер мен тергеушілік деректі киноның жаңа формаларын жасау қағидаттары Т. Бирней, К. Кобре, А. Байгожина, А. Гибни, Э. Митина, Дж. Родес, С. Борам, А. Агуайо, Ц. Чжан, А. С. Федулин, Г. Әбикеева, Дж. Свиммер, Х. Абургиф, К. Нэш еңбектерінде қарастырылған. Бұл зерттеушілер интерактивті деректі баяндаудың әдіснамалық негіздерін және заманауи тергеушілік журналистикадағы жаңа аудиовизуалды форматтардың қалыптасу ерекшеліктерін сипаттайды.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты – Зерттеудің мәні қазіргі кезең айқындап отырған ерекшеліктер мен қағидаттарды айқындай отырып, деректі киноны отандық және әлемдік тергеушілік журналистика контекстінде қалыптастырудың түйінді сипаттарын анықтауға негізделеді.

Қазіргі медианың мақсаттары мен міндеттерін неғұрлым дәл түсіну үшін деректану мен деректі тергеулердің негізгі ұғымдарын, олардың тарихи формалары мен эволюциясын, журналист-документалист кәсібінің дәстүрлерін, әлемдік және отандық деректі фильм жасаудың компаративистік тәжірибелерін зерделеу қажет. Сонымен бірге деректі кино жөніндегі сыни пікірлер мен сараптамалық қорытындылардың қазіргі тенденцияларын, тергеушілік журналистиканың даму кезеңдері мен сатыларына берілген бағалар мен сипаттамаларды талдау маңызды.

Зерттеу міндеттері.

Диссертациялық жұмыстың негізгі міндеті – деректі киноны тергеушілік журналистиканың құрамдас бөлігі ретінде жан-жақты зерттеу. Осыған сәйкес зерттеудің басты міндеттері төмендегідей айқындалады:

- тергеушілік журналистиканы цифрлық дәуір феномені ретінде қарастыратын негізгі теориялық тәсілдерді зерделеу;
- тергеушілік журналистика аясында деректі киноның қалыптасу кезеңдерін шолу;
- деректі тергеулердің жанрлық ерекшеліктері мен олардың аналитикалық және нарративтік мүмкіндіктерін талдау;
- сөз бостандығының деңгейі, мәдени және әлеуметтік контекст ескеріле отырып, отандық және шетелдік журналист-документалистердің тергеулеріндегі ерекшеліктер мен айырмашылықтарды анықтау;
- цифрлық технологиялар мен стримингтік сервистердің тергеушілік журналистикаға және интерактивті деректі киноға әсерін талдау;
- деректі киноның қоғамдық пікірдің қалыптасуына ықпалын бағалау;
- деректі кино-тергеулерде жасанды интеллекттің рөлін және оның әлеуетін айқындау.

Зерттеудің пәні – тергеушілік журналистика контекстіндегі деректі кино практикасы.

Зерттеудің нысаны – тергеушілік журналистиканың бір формасы болып табылатын деректі кино.

Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер:

1. Деректі журналистика тергеушілік журналистиканың ажырамас бөлігі болып табылады және жасырын немесе өзекті тақырыптарды ашуда маңызды құрал ретінде қызмет етеді. Ол сөз бостандығы, шынайылық және ашықтық қағидаттарына негізделеді, бұл терең әзірленген, мазмұнды тергеулер жүргізуге мүмкіндік береді.
2. Деректі тергеулердің нарративтік формалары мен жанрлық ерекшеліктері бұл форматтың бейнелеу құралдары мен аналитикалық мүмкіндіктерін айқындайды, материалды тереңірек жеткізуге, оның аудиторияға әсерін күшейтуге және қоғамдық дискурс қалыптастыруға ықпал етеді.
3. Деректі кино қоғамдық пікірге ықпал етудің жоғары әлеуетіне ие, себебі ол әлеуметтік және саяси шынайылықты сыни тұрғыдан қабылдауды қалыптастырады, қоғамдық талқылауларды жандандырады және өзекті мәселелерге

визуалдық дәлдік пен эмоционалдық әсер арқылы әлеуметтік әрекеттерге итермелейді.

4. Қазіргі цифрлық технологиялар, стримингтік сервистер және интерактивті деректі кино деректі тергеулерді жасау мен қабылдау тәсілдерін түбегейлі өзгертуде. Олар аудиторияның қатысу мүмкіндіктерін кеңейтіп, ақпаратты ұсынудың жаңа форматтарын қалыптастырады және жаһандық аудиторияға сапалы контентке қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

5. Жасанды интеллект деректі журналистиканы трансформациялауда, аудио- және бейнематериалдарды транскрипциялаудан бастап ашық деректердің үлкен көлемін талдауға және фактчекке дейінгі бірқатар рутиналық процестерді автоматтандырады. Бұл журналистерге тергеудің мазмұндық және шығармашылық қырына көбірек назар аударуға мүмкіндік береді.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы зерттеу журналистикасы, деректі кино және жаңа медиа-технологиялық факторларды зерттеуде синкретикалық тәсіл қолдануда жатыр. Көпқырлы тәсіл, тарихи және социомәдени үдерістерді қамтитын, деректі тергеудің қалай өзгергенін және қандай маңызды оқиғалардың деректі фильмдер мен медиада көрініс тауып, тарихи жадта сақталғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жұмыс тарихи жадты зерттеу және оқиғаларды реконструкциялау үшін мұрағаттық материалдар мен бірегей кадрларды пайдаланудың маңыздылығына назар аударады. Маңыздысы – журналистік тергеу фактілерді өңдеу және ұсыну тәсілдерін талдаумен шектелмей, оқиғаны шынайы жеткізуге ұмтылатынын көрсету.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерінің әрі қарайғы ғылыми зерттеулер үшін негіз бола алатындығында және журналист-документалисттердің кәсіби қызметінде қолдануға қолжетімді болуында жатыр. Алынған нәтижелер оқу процесінде арнайы курстарды құру кезінде де пайдаланылуы мүмкін. Жиналған деректер мүдделі мекемелер мен ведомстволарға, әлеуетті пайдаланушыларға, ғалымдар қауымдастығына және кең қоғамға ұсынылуы мүмкін.

Диссертациялық жұмыстың жаңашылдығының негізгі принципі отандық журналистика ғылымында деректі киноны алғаш рет отандық және әлемдік тергеушілік журналистика контекстінде зерттеу болып табылады. Тақырыптың аз зерттелуі және деректі журналистика бойынша ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттің жетіспеушілігі зерттеу жұмысын жүргізудің қиындығын күшейтеді.

Жұмыстың апробациясы:

Диссертациялық зерттеу материалдары мыналарда жарияланған:

А) Диссертациялық зерттеу материалдары ҚРБҒМ БҒСБҚ ұсынып отырған журналдарда ғылыми мақалалар ретінде жарияланған:

1. Нуршаихова А.А., Негизбаева М.О., и Дудинова Е.И. (2024). Краудфандинг деректі фильмдерді қаржыландыруға балама ретінде: Қазақстандық және Түрік

жобаларының мысалында. Журналистика сериясы, 71(1), 92–102. https://doi.org/10.26577/HJ.2024.v71.i1.9

2. Nurshaikhova, A., Negizbayeva, M., и Imanova, A. (2023). Review of documentary film: new forms and possibilities. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series, 143(2), 96–107. Retrieved from https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/153/101

3. Негизбаева М.О. Нуршаихова А.А. (2022). Қазақстандағы ашаршылық (1932-1933 г.г.) в науке и СМИ. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА сериясы, 140(3), 92–102. Retrieved from https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/35

Ә) Халықаралық конференция материалдарында және Scopus рейтингісімен бекітілген халықаралық журналда:

1. Shyngyssova, N., Nurshaikhova, A., Kopbayev, T., Yessenbek, Z., & Yertassova, G. (2024). The impact of documentary films as a form of investigative journalism: analysis of methods, ethics, and public influence. Atlantic Journal of Communication, 1–14. https://doi.org/10.1080/15456870.2024.2435940 https://www.researchgate.net/publication/386273388_The_impact_of_documentary_films_as_a_form_of_investigative_journalism_analysis_of_methods_ethics_and_public_influence

2. Ibrayeva, Galiya. “Emotional Dynamic and Opinion Cumulation on Social Networks in Kazakhstan. Social Computing and Social Media”. Social Computing and Social Media 2024. pp 95–106 https://www.researchgate.net/publication/390280118_Emotional_Dynamic_and_Opinion_Cumulation_on_Social_Networks_in_Kazakhstan

Б) Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдар жинақтарында:

1. Нуршаихова А.А. Деректі кино журналистік зерттеудің түрі ретінде. «Тұрақты даму мақсатындағы халықаралық журналистиканы оқыту модельдері» (MTIJ) атты VII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. Қазақ университеті. Алматы. 2023 г. https://articles.unesco.org/sites/default/files/medias/fichiers/2023/04/Agenda-6-Apr-2023-UNESCO-Chair-KazNU.pdf

2. Нуршаихова А.А. Зерттеу және журналистика, кәсіби тандем. Студенттер мен жас ғалымдардың I Халықаралық ғылыми конференциясы «Фараби форумы». 2022 жылғы 4–7 сәуір, 2022 г. Қазақ университеті. Алматы. 2022 г. ISBN 978-601-04. https://disk.yandex.ru/d/RLQe7N3qK3ZfWA

3. Негизбаева М.О., Нуршаихова А.А., Мигранттардың имиджін қалыптастырудағы деректі фильмнің әлеуеті. «Цифрлық трансформация жағдайындағы медиа және PR» Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Қазақ университеті. Алматы. 2021 г. https://disk.yandex.ru/d/yK5vDIiSPXa5CA

Диссертацияның құрылымы зерттеліп отырған мәселенің логикасына сәйкес қалыптастырылған. Диссертациялық жұмыс нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілер мен қысқартулар, кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.